

"Kazakh Tourism" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 14 шілдедегі № 428 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын "Kazakh Tourism" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – қоғам) құрылсын.

2. Халықаралық көрмелерді ұйымдастыру және өткізу; мынадай іс-шаралар: балалар мен жасөспірімдер туризмін дамыту, келу туризмінің ағысын көбейту, медициналық туризмді дамыту, жәрмеңкелер, аукциондар, ел имиджін ілгерілетуге бағытталған іскерлік және ойын-сауық іс-шараларын ұйымдастыру, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сыртқы экономикалық және инвестициялық қызмет, Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған басқа да қызмет түрлері қоғам қызметінің негізгі нысанасы болып айқындалсын.

3. Қоғамның жарғылық капиталы осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының теңгеріміндегі республикалық мүлік есебінен қалыптастырылсын.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігімен бірлесіп қоғам жарғысын әзірлеуді және бекітуді және оның Қазақстан Республикасының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 20.10.2021 № 752 қаулысымен;

3) қоғамның мемлекеттік акциялар пакетіне иелік ету және пайдалану құқықтарының Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Туризм индустриясы комитетіне берілуін;

4) осы қаулыдан туындайтын өзге де шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 20.10.2021 № 752 қаулысымен.

5. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін толықтырулар бекітілсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2017 жылғы 14 шілдедегі
№ 428 қаулысына
1-қосымша

"Kazakh Tourism" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының жарғылық капиталын төлеуге берілетін "Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының теңгеріміндегі республикалық мүліктің тізбесі

Р/с №	Атауы	Өлшем бірлігі	Саны	Т е н г е р і м ұстаушы
1	2	3	4	5
1.	Сөрелер, сөренің артқы сіресі	дана	110	"Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны
2.	Фотоколлаждар, инсталляциялар, стендтер	дана	18	
3.	Подиймдар	дана	344	
4.	Графикалық панель, басқалар	дана	378	

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2017 жылғы 14 шілдедегі
№ 428 қаулысына
2-қосымша

"Kazakh Tourism" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының

директорлар кеңесінің құрамына сайланатын Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшелері

Ескерту. 2-қосымша алып тасталды - ҚР Үкіметінің 20.10.2021 № 752 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2017 жылғы 14 шілдедегі
№ 428 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін

толықтырулар

1. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі № 405 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1999 ж., № 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген акцияларының мемлекеттік пакеттері мен қатысу үлестері республикалық меншікте қалатын акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Астана қаласы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 21-182-жолмен толықтырылсын:

"21-182. ""Kazakh Tourism" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы".

2. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы № 659 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге және өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігіне" деген бөлім:

мынадай мазмұндағы кіші бөліммен және реттік саны 224-39-жолмен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Туризм индустриясы комитетіне

224-39. "Kazakh Tourism" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы".

3. "Ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың, тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 6 сәуірдегі № 376 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың тізбесінде:

"Ұлттық компаниялар" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 44-жолмен толықтырылсын:

"44. "Kazakh Tourism" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы".